

Үржар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 57-745/VI " Үржар ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Абай облысы Үржар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 1 желтоқсандағы № 7-182/VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 6 желтоқсанда № 178-18 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Үржар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 10 сәуірдегі № 14-251/VIII шешімі.

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Үржар аудандық мәслихатының 10.04.2024 № 14-251/VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Үржар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Үржар аудандық мәслихатының "Үржар ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 57-745/VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8048 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген қосымшада:

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Тұрғын үй көмегін тағайындау "Абай облысы Үржар аудандық жұмыспен камту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырылады.";

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 295/НҚ " Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуін өтеу мөлшерін айқындау және қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33200 болып тіркелген).".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Үржар аудандық мәслихатының төрағасы

А. Омаров

